

Пилоттық жоба, ол қалай іске асып жатыр?
2-бет



Аудан бюджеті
3-бет



Дөңгелек үстел отырысы
8-бет



АРАЙ

КАТОНҚАРАҒАЙ АУДАНЫНЫҢ ГАЗЕТІ

ГАЗЕТ 1933 ЖЫЛДЫҢ 10 ТАМЫЗЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№ 82 (7868)
Жұма,
30 қазан 2015 жыл

Басылымға жауапты
«Арай» - «Луч» ЖШС

ЖАҢАЛЫҚТАР

ҚОЛДАУ КӨРСЕТУГЕ ШАҚЫРДЫ

Таяуда «Хельсинки Қорытынды Актісінің (1975) және Астана Саммитінің (2010) мерейтойына ЕҚЫҰ жетістіктері мен сын-қатерлері» атты халықаралық конференция өтті.

Конференция жұмысына ҚР Парламенті Сенатының Төрағасы, ЕҚЫҰ зиялылар Тобының мүшесі Қасым-Жомарт Тоқаев, Мемлекеттік хатшы Г.Н.Әбдіқалықова, Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов, Сербия Республикасының ЕҚЫҰ-ғы Тұрақты Өкілі Вук Жугич, Қақтығыстардың алдыналуы бойынша ЕҚЫҰ Орталығының директоры Марсел Пешко, АҚШ Мемлекеттік департаментінің әскери-саяси мәселелері бойынша Бюросының аға Кеңесшісі Пол Фритч, қауіпсіздік саласындағы қазақстандық және халықаралық жетекші сарапшылар қатысты.

Конференцияда ЕҚЫҰ-мен ынтымақтастық және өзара іс-қимылдың өзекті мәселелері, өңірлік және халықаралық қауіпсіздіктің ауқымды күн тәртібін бірлесіп қалыптастырудың келешегі талқыланды.

Өзінің кіріспе сөзінде Г.Н.Әбдіқалықова конференцияға қатысушыларды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мерейтойлық сессиясы барысында көтерген бастамаларына қолдау көрсетуге шақырды.

Гүлшара Әбдіқалықова жалпыеуропалық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру қажеттігін жеткізді, яғни, 1975 жылғы Хельсинки Қорытынды Актісіне қатысушы мемлекеттер келіскендей «халықтар тек шынайы әрі берік бейбітшілікте ғана өмір сүре алады».

Мемлекеттік хатшы ядролық қарусыз аймақты әлемнің өзге өңірлерінде құрудың маңыздылығын айтып, Қазақстан – ядролық полигонды жапқан және ауқымы бойынша төртінші ядролық арсеналдан өз еркімен бас тартқан, сондай-ақ Орталық Азияда ядросыз аймақ құрған тарихтағы тұңғыш ел екенін атап көрсетті.

Сөзінің соңында Мемлекеттік хатшы Г.Н.Әбдіқалықова конференцияның қазіргі заманғы әлемдік ахуалдың архитектура-сын одан әрі нығайтуға және дамуына нақты үлес қосатынына сенім білдірді.

ШҚО әкімдігінің баспасөз қызметі.

Аудандық «Арай» - «Луч» газетіне жазылу басталды!

Жазылымды барлық пошта байланысы бөлімшелерінде ресімдеуге болады. Газеттің индексі: «Арай» - 6 айға - 19075; «Луч» - 19077; «Арай» - 12 айға - 19076; «Луч» - 19078.

Назар аударыңыз, жаңалық: енді аудандық «Арай» - «Луч» газетін Өскемен қаласының және облыстың басқа да қалалары мен аудандарының тұрғындары жаздыра алады.

ШҚО бойынша қалалар мен аудандар үшін газеттің жазылу бағасы, оның ішінде Катонқарағай ауданы бойынша бір жылға - 2799,97 теңге, 6 айға - 1399,99 теңге.

Өскемен қаласының тұрғындары үшін бір жылға - 2438,09 теңге, 6 айға - 1219,05 теңге.

Тәртіпсіздікке төзбеушілік

АУЫЛДЫҚТАРДЫҢ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ ҚАЖЕТ

Аудан орталығындағы Мәдениет үйінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес және құқықбұзушылықтың алдын-алу бойынша ведомствоаралық комиссияның отырысы өткізілді. Мал ұрлығына қарсы күресті нығайтуға ерекше көңіл аударылды.

Және бұл кездейсоқтық емес. Өйткені, ауданда мал шаруашылығы ауыл шаруашылығы саласының негізгі бағыты болып есептеледі. Аталмыш өңір мал ұрлығы, жұқпалы және басқа да мал аурулары кеңінен тараған аудандарға жатпаса да, жергілікті билік бұл мәселелерге ерекше назар аударуда. Сондықтан, кеңеске тек құқыққорғау органдарының өкілдері ғана емес, ауылдық округтердің әкімдері, бөлімдердің басшылары, ветеринария саласының мамандары және басқа да құзырлы тұлғалар қатысты.

«Ауданның ауылдық округтері бойынша 2015 жылдың 9 айындағы жедел жағдай туралы» мәселе бойынша комиссия мүшелері АІБ бастығының орынбасары Мұхамедмұрат Бадағұловтың есебін тыңдады. Ол аудан бойынша жалпы криминалдық жағдай мен мал ұрлығы бойынша сараптама жасады. Баяндамашының айтуынша, мал ұрлығы, әдеттегідей, көпшілік жағдайда мал жаю жұмыстары нашар ұйымдастырылған жерлерде болып жатады. Бұл тұрғыда тұрғындар арасында түсінік жұмыстарын белсенді жүргізу қажет.

Аудан прокуроры Серік Дүйсенов ведомствоаралық комиссия мүшелерінің назарын жыл басынан бері ауданда қылмыс санының 10 пайызға артқандығына аударды. Бұл деректерді прокурор құқыққорғау органдары мен қоғамдық ұйымдар тарапынан профилактикалық жұмыстардың нашар жүргізілгендігімен, тұрғындар арасында тәртіп бұзушылық пен құқықбұзушылыққа төзбеушілік қағидаларын қалыптастыру бойынша ұйымдастырушылық және тәжірибелік іс-шаралардың өте аз жүргізілетіндігімен байланыстырды.

–Меніңше, әрбір ауылда өз жерлестері арасында мал ұрлығын ұйымдастырумен айналысатындарды және осыған қатысты кейбір деректерді білетіндер бар екендігі сөзсіз,– деді С. Дүйсенов. –Сондықтан да, тұрғындарға барымташылармен күреске белсе-не кірісу қажеттігін түсіндіру қажет, өйткені, осының салдарынан қарапайым адамдар зардап шегуде. Қазіргі уақытта мал ұрлығы жалпы қылмыс санының 73 пайызын құрап отыр, және оның 30 пайызы ашылған жоқ.

Аудан прокурорының пікірінше, жедел-ізвестіру шараларының сапасын арттыру, құқыққорғау органдары қызметкерлерінің біліктілік деңгейін көтеру қажет.

Мал ұрлығы бойынша қозғалған көптеген қылмыстық істер, екі жақтың ымыраға келуіне байланысты тоқтатылуда. Мұның барлығы қылмыскерлердің жауапкершілікке тартылмайтындығын сезінуге ықпал етуде. Мысалы, таяуда Новополяковка ауылдық округінде жылқы ұрлығы ашылды. Жедел іздестіру тобы бұл қылмысты ашу бойынша көптеген жұмыстар атқарды, ал мал иесі кінәлі адамнан шығынның орнын толтыру үшін айтарлықтай мөлшерде қаржы алған, сондықтан, қылмыстық қудалауды тоқтату туралы өтініш жазған. Осылайша, қылмысқа қарсы күрес ісінде өте маңызды, қылмыстық жазаға тарту

қағидалары іске аспай қалады.

Өз сөзінде прокурор құқыққорғау органдары мен ветеринарлық қызметтердің, әкімдіктер мен қоғамдық ұйымдар арасында ынтымақтастықтың жоқ екендігіне ерекше назар аударды. Тұрғындардың құқыққорғау шараларына қатысу деңгейі өте төмен, сарбаздар отрядтарының жұмыстары нашар ұйымдастырылған.



Жұмыссыз және бұрын сотты болған азаматтарды ерекше бақылауға алу қажет. Өйткені, жасалған қылмыстардың 90 пайызын еш жерде жұмыс істемейтіндер жасайды. Мұнымен пробация қызметінің инспекторлары шұғылдануы тиіс. Олар бұрын сотты болған 14 азаматты жұмысқа орналас-тырумен айналысуда.

Мал ұрлығына қатысты 18 қылмыстың 13-і малдардың жайылымда, қараусыз жүрген жерлерінде жасалған.

Аудан әкімі Қалиқан Байғонұсов құқыққорғау органдарының, ауылдық округтер әкімдерінің және ветеринарлық қызмет мамандары жұмысының нашарлығын сынға алды. Ауданның атқарушы билігі бұл кемшіліктермен ымыраға келмейтіндігін ескертті және жауапты тұлғаларға бірқатар тапсыр-малар берді.

Аудан әкімі тұрғындар арасында құқық-бұзушылыққа төзбеушілік қағидаларын қалып-тастыру тұрғысында сарбаздар отрядтарының жұмыстарын ұйымдастырудың маңызы зор екендігін атап өтті. Олар әрбір ауылдық округ-терде болуы тиіс. Қазіргі уақытта құқыққорғау ор-гандары тарапынан сарбаздардың қылмыстарды ашуға қатысқаны үшін ынталандыру шаралары қарастырылған. Әрбір қылмыстың ашылғаны үшін 10 АЕК мөлшерінде сыйақы беріледі.

Кеңеске қатысушылар мал басының сақталуына мал иелерінің өздері де жауапты болуы тиіс екендігін айтты. Егер, мал қараусыз жайылса, жайылымнан жоғалса, ал бірнеше күннен соң аман-есен табыл-са, АІБ қызметкерлері мал иесінен сот арқылы жа-нуарды іздеуге шыққан шығынды қайтаруды талап ете алады.

Комиссия отырысында әкімдер мен мал ұрлығы бойынша қылмыс саны артқан округтердегі учаскелік инспекторлардың есептері тыңдалды.

Шамиль Багаутдинов.
Сурет автордікі.



Пилоттық жоба, ол қалай іске асып жатыр?

Бүгінгі дағдарыс жағдайында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев үкіметіміздің алдына көптеген міндеттерді қойып бірінші кезекте халықтың әлеуметтік жағдайын төмендетпеді, бұл бағытта қолда бар барлық резервтер мен мүмкіншіліктерді пайдалануды талап етіп отыр. Бұл талаптарды орындауда осы күнге дейін өзінің тиімділігін ақтаған «Жол картасы - 2020» бағдарламасын пайдалану, оны жетілдіру жолдарын бірігіп қарастыру қажеттілігі туындауда. «Жұмыспен қамту - 2020» жол картасы бағдарламасының екінші бағыты шеңберінде іске асырылып жатқан пилоттық жобаларға біздің облысымыздың: Күршім, Көкпекті, Бесқарағай, Ұлан, Катонқарағай аудандарынан бес азамат енгізіліп, үш-алты миллион теңге аралығында несиелер алған болатын. Осы пилоттық жобаға қатысып, биылғы жылдың басынан бері жұмыс істеген кәсіпкерлердің жұмыстарын қараған ШҚО «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» үлкеннарындық Михаил Юрьевич Коротковтың іс-қызметін дұрыс жолға қойылған деп танып, оны өзгелерге үлгі етуді ұйғарған-ды. Жақында басқарма бастығы Айжан Садықованың бастамасымен Үлкен Нарында жоғарыда аталған аудандардың кәсіпкерлерімен, ауыл әкімдерімен, «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» қызметтері басшыларымен семинар-кеңес өткізілді.

Семинар басында оған қатысушылар М. Коротковтың мал жайылымдығында, Д. Қасеновтың бал құю цехында болып, өздерін қызықтырған сұрақтарына жауаптар алды.

Аудандық Мәдениет үйінде болған семинар-кеңестің жұмысын аудан әкімінің орынбасары Бибиғұл Рақышева кіріспе сөзбен ашты.

Бүгінгі таңда барлық ауылдық округтерде жекеменшіктің малдарын жаз бетінде жауды ұйымдастыру үлкен проблемаға айналып отырғандығы мәлім. Мал бағуға ынталы

азаматтардың жоқтығынан ауылдардың ішінде сауын сиырлар мен бұзау-торпақтар күні бойы қараусыз жайылады. Осы мәселені шешуді қолға алған Үлкен Нарын ауылдық округінің әкімі Абайхан Ахметов М. Коротковқа арнайы барып, пилоттық жобаға еніп, несие алып, ірі-қара малдарын жауды ұйымдастыруды сұрады. Осы келісімнің негізінде өзара меморандум жасалынып, жұмыспен қамту орталығы берген жолдама мен құжаттардың негізінде ауылшаруашылығын қаржылай қолдау қорынан М. Коротков 3 миллион теңге несие алған-ды. Бұған кәсіпкер төрт жұмыс атын, Шемонайха ауданындағы «Камышинка» шаруа қожалығынан төрт асыл, семминтал тұқымды бұқаларды сатып алды. «Мечта» атты шаруа қожалығын құрып, екі жаңа жұмыс орынын ашты. Серік Асқаров деген азаматты келісім-шартпен жұмысқа қабылдап, салық комитетіне кәсіпкер ретінде тіркеліп, кассалық



аппарат сатып алды. Сөйтіп, ол ауылдағы мал иелерімен екіжақты келісім-шартқа отырып, өз жұмысын жүргізді. Бүгінде кәсіпкерлер 150 бас сиырды бір табынға топтастырып, жайылымдықта жайып отыр. Қызмет ақысы да мал иелерінің қалталарына шақ-әр басқа айына 1300 теңгеден. Қабылданған сомалар арнаулы журналға тіркеліп, төлем төлеушілерге түбіртекпен қоса чек беріледі. Келер жылы М. Коротков Үлкен Нарын ауылынан тағы екі табын ашпақ. Қыс айларында жекеменшіктің жылқыларын жайып, шөптерін тасымалдап, көң-қоқырларын шығарып, ақылы қызмет көрсетуді де ойластыруда.

Жиынға қатысушыларға осының барлығын ауыл әкімі Абайхан Мағауияұлы тәкпіштеп айтып берген соң, қонақтарға сөз берілді. Көкпекті ауданынан пилоттық жобаға қатысып отырған Иван Федотов, Бесқарағай ауданы Глуховка



ауылының әкімі А.Ысқақов жерлестеріне жүк тасымалы қызметін қалай көрсетіп отырғандығын әңгімелесе, Күршім ауданы Қалғұты ауылдық округінің әкімі Т. Хамитов, Ұлан ауданы Таврия ауылдық округінің әкімі А. Рамазанов мал сою цехын ашып, ауылдастарына төлемді қызмет көрсетуді қолға алып отырғандықтарын білдірді.

Көкпекті ауданы Сарыбел ауылының әкімі К. Сақуанова үлкеннарындық М. Коротковтың пилоттық жобаны іске асырудағы іс-қызметіне, әсіресе, ондағы қызметіне есебін жүргізудегі заңдылықтардың сақталынуына жоғары баға берді.

Семинар жұмысына аудандық салық комитеті мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы Ботагөз Нүриева да қатысып, салық заңдылықтарына қатысты сауалдарға нақты жауаптар берді.

Айжан Садықова семинар жұмысын қорытындылай келе, осы басқосудың түпкі мақсаты - мал жауды, мал сою алаңдарын, жүк тасымалдауды заңдастыру арқылы, қараусыз қалып, жоғалатын малдарды болдырмау, жұмыс орындарына заңды түрде еңбек келісім шарттары арқылы тұрғындарды орналастыру екендігін айта келіп, бүгінгі семинардың жұмысының көңілден шыққандығын атап өтті.

Аудан әкімінің орынбасары Б. Рақышева бүгінгі семинар-кеңестен оған қатысушылардың мол әсер алып, өз іс-тәжірибелерін байыта түсетіндігін әңгімелей келе, «Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар» басқармасының басшысы Айжан Садықоваға біздің ауданда жаңадан іс бастағалы отырған кәсіпкерлерге осындай берері мол семинар-кеңесті өткізгені үшін алғыс айтты.

Жәнібек Қызыр.

НЕСИЕ АЛЫП, МАЛ БАСЫН КӨБЕЙТУДЕ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты мақаласында «Әрбір адам, соның ішінде, әсіресе, жастар, белгілі бір кәсіптік саладан өз болашағын көргісі келетіндігін мойындау қажет. Бұл өте қалыпты жағдай. Өйткені, адам өзінің қайда бет алғандығын анық көрген кезде ғана биікке қарай күш-жігермен ұмтылады», - деп тұжырымдағандай, осынау елдік дамуға өзіндік үлесін қосып, нәсібін кәсібінен адал тауып отырған отбасылық қожалықтардың бірі – Берел ауылындағы «Еркебұлан» шаруа қожалығы.

Қожалық басшысы – Ерік Әмренов «Еркебұлан» ШҚ-ын 2006 жылы құрып, мал шаруашылығын дамытуды қолға алған. Сол жылы ол «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ-нан несие алып, оған мал сатып алды. Міне, сол санаулы мал басы көбейіп, бүгінде шаруа қожалығының меншігінде 60-тан астам бас ірі қара, 50 шақты жылқы және қой-ешкілер бар. Сонымен қатар, асыл тұқымды мал басын көбейту мақсатында 2013 жылы «Жұмыспен қамту жол картасы - 2020» мемлекеттік бағдарламасы арқылы несие ресімдеп, Күршім ауданының «Көкжал» ШҚ-нан асыл тұқымды екі бас бұқа сатып әкелді.

Мал өсіру айтуға ғана оңай. Қиын әрі шығыны көп бұл жұмыс, асқан төзімділікті, үлкен еңбекті талап етеді. Е.Әмреновтың мал басын көбейтіп, шаруашылығын дамытуға қолайлы жағдайлары бар. Иелігінде 30 га шабындық және 50 га жайылымдық жері бар. Ал, «МТЗ-80» тракторы-



мен мал азығын да уақытында және жетерлік етіп даярлап алады.

-Бүгінде қымыз өндіру кәсібін де қолға алып отырмын, - дейді шаруа қожалығының басшысы. Шамамызға қарай, жылына 30 бас бие байлаймыз. Жылқы бағу оңай емес, үш үйір жылқыны қыстай жемдеп, ауылдың айналасында ұстаймыз. Жемге үйренген жылқы ауылдан алыстап кетпейді, күнде кешкісін қорасына қайтып келеді.

Қымыз өндіру - зайыбымның үлесінде, - дейді отағасы.

Әмреновтар әулетінің кәсібіне де, нәсібіне де айналған қымызды өткізу де қиынға соғып тұрған жоқ. Жаздай Катонқарағай өңіріндегі шипажайлармен келісім-шарт жасасып, қымызбен қамтамасыз етіп отырады. Сонымен қатар, ауылдастары арасында да, «Еркебұлан» ШҚ-ның балдай тәтті қымызы сұранысқа көптеп ие.

-Қымыздың арқасында тұрмысымыз да жаман емес, бірақ, маңдай тер де төгіледі. Ұқыптылықты талап ететін кәсіп. Қорды мөлшерден тыс көп қалдырсаң, қымыз ащы болып кетеді, ал аз қалдырсаң, ашымай қалады. Күбіні күнделікті жуып, ыстап тұрмасаң, қымыздан айырыласың, қордың дәмі бұзылады, - дейді Е.Әмреновтың зайыбы Анар.

Шаруақор отбасы ешқашан ерінген емес, бір істі қолға алса, соңына жетпей, тынбайды. Балаларын да жастайынан оған үйреткен. Олар бүгінде студенттер, қалада оқиды, ал жаз мезгілінде ата-анасының сенімді көмекшілері.

Кәсіпкерлікке қолдау көрсетіп отырған мемлекеттік бағдарламалар бүгінде ауылдық жерде тұратын, кәсіпкерлік жобасын дамыта алатын адамдар үшін таптырмайтын мүмкіндік. Осындай бағдарламаның жемісін көріп отырған кәсіпкер Ерік Әмреновтың отбасылық кәсібінің өрісі әлі де кеңейіп, ауданымыздың әлеуметтік жағдайын жақсартуға өз үлесін қосатынына кәміл сенеміз.

Жанар Қасымханова.
Сурет автордікі.

Терможаңғырту**ҚАЙТА ЖАРАҚТАУ
ЖҰМЫСТАРЫ АЯҚТАЛДЫ**

«Өскемен-Водоканал» МКК соңғы екі жылда жүзеге асырған инвестициялық бағдарламалар аясында сумен қамту жүйесінде көптеген игі істер атқарып, үнемдеулерге қол жеткізді.

Мекеменің жоспарлы-техникалық бөлімінің бастығы Наталья Лукеринаның айтуынша, биыл қаланың Үлбі ауданы мен көптеген өнеркәсіп орындарын сумен қамтамасыз етіп отырған Солтүстік Атаман және Төменгі Согра бастағандарында қайта жарақтау жұмыстары аяқталды.

Абай даңғылы бойында орналасқан Төменгі Согра бастағаны 1952 жылдан бері халықты сумен қамтамасыз етіп келеді. Бүгінгі күні Солтүстік Атаман бастағанының суы тұтынуға жетіспеген кезде ол қор ретінде пайдаланылады. Атамановский аралында орналасқан Солтүстік Атаман бастағаны өткен ғасырдың 90-жылдарының басында салынған, кешен тәулігіне 32 мың текше метр су өндіреді. Аталмыш бастаған пайдалануға берілген 23 жылдан бері ешбір қайта жаратау жұмыстары жүргізілмей, үздіксіз жұмыс істеп тұрған болатын. Әуежай, КСМ аудандарының тұрғындарын сапалы әрі жеткілікті мөлшердегі ауызсумен қамтамасыз ету үшін Солтүстік Атаман бастағанын қайта жарақтау қажеттілігі туындаған. 2011-2013 жылдар аралығындағы инвестициялық бағдарламалар аясында мекеме өз қаражаты есебінен «Солтүстік Атаман және Төменгі Согра бастағандарын қайта жарақтау» жобасын жасады.

Наталья Лукеринаның айтуынша, 2013-2015 жылдарды қамтыған жобаның бірінші кезеңін мекеме өз қаржысына жүзеге асырып, оның жалпы сомасы 626 миллион теңгені құрады. Жобаның екінші кезеңі «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын болады.

Солтүстік Атаман бастағанының қайта жарақтау нәтижесінде электр қуатын тұтыну 10 пайызға үнемделді, су құбырлар желілеріндегі гидросоққылар төмендеді.

– Жобаны жүзеге асыру барысында мұнда екінші көтерілімдегі сорғы станциясының негізгі құрылғылары ауыстырылып, заманауи реттеу арматурасы мен жүйеге суды беруді есептеу құралы орнатылды. Енді су сорғы станциясы автоматты тәртіпте жұмыс істеп тұр. Сондай-ақ, біз станцияның ішіне жөндеу жұмыстарын жасадық. Есік, терезелер ауыстырылып, шатыр жаңадан жабылды. Жұмысшылардың еңбек етулеріне қолайлы жағдай жасалды. Мұның барлығы сумен қамту жүйесінің сапасына оң әсерін тигізеді сөзсіз, – дейді Наталья Лукерина.

Жалпы «Өскемен Водоканал» МКК 2013 жылдың маусымы мен ағымдағы жылдың мамыр айына дейінгі аралықта инвестициялық бағдарламалар бойынша 159749,0 мың теңге көлеміндегі қаржыға жеті жобаны жүзеге асырды. «Сорғы стан-цияларын және бастағандарды техникалық қайта жарақтандыру» атты бірінші жоба аясында «Аблакетский», «Лесозаводской» бастағандарының жеті және «Пионерский» бастағанында 12 ұңғымасына сорғы қондырғылары орнатылды.

– Екінші жоба «Сумен қамту желілеріндегі бекіту арматурасын ауыстыру» болатын. Ол толықтай жүзеге асып, қаржысы игерілді. Сондай-ақ, «Аблакет ауданының сумен қамту жүйесін қайта құру» жобасы аясында сорғы станциясына монтаждау жасалды. Үшінші жоба бойынша сумен қамту жүйесіндегі шығындарды есептеу құралы сатып алынды. Бір айта кетерлігі, кәсіпорын әлеуметтік аз қамтылған адамдарға есептеу құралдарын тегін орнатуды қарастыруда, – дейді Наталья Лукерина.

Бүгінде кәсіпорын ұзақ мерзімге арналған жаңа инвестициялық бағдарламаларды жүзеге асыруға көшті. Соның аясында Аэропорт, КСМ, Вокзальная, Айтықов, Заводская, Машиностроителей көшелерінде, Загородный кентінде сумен қамту жүйелерін қайта жарақтау жұмыстары қолға алынды.

Лаура Тілеубайқызы.

Кеңенік одақ**Көліктеріміз экспортқа шығарылады**

Биылғы алғашқы жартыжылдықта облысымыздың Кеден одағына мүше мемлекеттермен (Ресей, Беларусь, Армения) жүргізген өзара сауда көлемі 806,4 млн. АҚШ долларын құрады.

Соның ішінде біздің облыстан одаққа мүше үш елге саудаланған, экспортталған тауарлардың үлесі – 106,5 млн. доллар көлемінде. Сырттан әкелінген өнімдердің басым бөлігі Ресей елінің тауарлары. Облыстық статистика департаментінің деректері бойынша, 2015 жылдың шілдесінде Ресеймен арадағы экспорт 11,9 млн. АҚШ долларын, импорт 79,3 млн. АҚШ долларын құраған.

Облысқа Ресейден келген импорттың негізгі үлесін минералды өнімдер (33,2 пайыз), көлік құралдарының түрлері (23,7 пайыз), құрал-жабдықтар (10,5 пайыз), химиялық өнеркәсіп өнімдері (7,4 пайыз), құнсыз металдар мен одан жасалған бұйымдар (7,6 пайыз) алып отыр.

Биылғы шілдеде Беларусь Республикасымен өзара сауда көлемі анағұрлым төмендеп кеткені байқалған. Шілде айында Беларусь елінен әкелінген импорттық өнімдердің көлемі 5,8 млн. АҚШ долларын құраса, олардың көпшілігі (61,4 пайызы) көлік құралдарының түрлері, пластмасса және одан жасалған бұйымдар (26,2 пайыз) болған. Ал Армения бойынша өзара сауда көлемі тек қана құрал-жабдықтар мен механизмдерді экспорттау есебінен қалыптасып, 0,2 млн. дол-

ларды құраған.

Статистикалық деректер облыста еліміздегідей экспортқа қарағанда, импорт көлемінің екі-үш есе басымдығын көрсетіп отыр.

Бұл әсіресе, көлік құралдарының түрлері, құрал-жабдықтар мен өнеркәсіп тауарларына қатысты.

«АЗИЯ АВТО» АҚ президенті Ерік Сағымбаев біздің газеттің редакциясына берген ақпаратында Өскеменде салынып жатқан қуаты 120 мың автокөлік шығаруға жететін толық циклді зауыт іске қосылған соң, осында өндірілген көліктің жартысынан астамы экспортқа шығатынын хабарлаған болатын.

Акционерлік қоғам президентінің айтуынша, кедендік одақ нарығына шығарылатын отандық автокөліктердің экспорттың көлемін арттырып, импортталып жатқан көп көлікті ығыстыруға пәрменділігін арттыру жолдары қарастырылып, қазіргі күні холдинг көліктерді шетке шығаруға дайындық жүргізуге барынша мол ресурстар бағыттап отыр.

– Отандық автомобиль индустриясындағы ұзаққа созылған дағдарысқа қарамастан, біздің холдинг кедендік одақтың нарығына шығып отыр. Биылғы жылы «БІПЭК АВТО-АЗИЯ АВТО» Ресейдің 10 қаласында автокөлік сата бастады, – дейді Ерік Сағымбаев.

Индустрияландыру картасы**КЛАСТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТЫР**

Индустрияландыру картасы аясында екі жыл бұрын іске қосылған «Айтас-МП» ЖШС уақыт өткен сайын өндірістік қуатын арттырып, өнім түрлерін көбейтіп келеді. Шұжық шығаратын өскемендік шағын кәсіпорын өз шикізатын өзі өндіріп, өзі өңдеп, өзі сатып, ет кластерінің елде жоқ үлгісін көрсетіп қана қоймай, ауылдық жерлерден қалаға келген, шеттен атажұртына оралып жатқан жастардың тұрақты, жайлы жұмыс орнына айналып отыр.

Қазіргі күні өскемендіктер дүкен сөрелерінде сіресіп тұрған көп шұжықтардың ішінен «Айтас-МП» ЖШС өнімдерін ең алдымен таңдап алады. Тұтынушы талғамынан шығып отырған тауық, жылқы, сиыр еті өнімдерін өндіріп жатқан Шығыстағы бұл шағын кәсіпорын 2013 жылдың қазанында іске қосылған болатын, кәсіпорында Елбасы да болып, жоғары бағалады. Қазір мұнда 130 адам жұмыс істеп жатыр. Талай ет комбинатының ішіне кіріп жүрміз, бірақ бүге-шігесі көп мұндай өндірісте тазалық пен ұқыптылыққа айрықша мән беріп, цех жұмысшыларының өндіріс орнында жуынып-шайынуына, демалып, тынығуына, ас ішуіне қажетті барлық жағдайын жасап, олардың әрқайсысына арнайы бөлмелер арнап, тегін тамақпен, жұмыс киімімен қамтып, оған қоса мамандарды жұмысқа жинап алып, таратып отыратын осындай кәсіпорындарды сирек кездестіріп келеміз. Арнайы киімдерді киіп, «залалсыздандыру соқпақжолы» арқылы жүріп өткен біз дайын өнімдерді қаптап шығаратын бөлімге келдік. Қаптау бөлімінен шыққан қорап толы түрлі шұжықтар осы жерден тиеліп, қала дүкендері мен өзге өңірлерге жөнелтіледі. Қаптаушылар Нәзигүл Базарбаева мен Дәурен Жасауовтың осы кәсіпорында еңбек етіп жатқандарына біраз уақыт болыпты.

– Жарма ауданы, Шалабай ауылынан қалаға көшіп келіп, келген беті осы кәсіпорынға жұмысқа орналастым. Еңбекақымыз әр айдың басында, кідіріссіз беріліп келеді. Автоматтандырылған техникалар қол еңбегін аса қажет етпейді. Сондықтан жұмысымыз жеңіл, өнімді. Осындай елімізге қажетті, таза, берекелі өндірісте еңбек етіп жатқанымға қуанамын, – дейді Дәурен.

Өндірістің бас технологы Станислав Прхоренко қазір кәсіпорында күніне 17 мың тоннаға дейін ет өңделіп жатқанын, өндіріс толық қуатына көшкенде оның көлемі 40 тоннаға жететінін айтты. «Айтас-МП» ЖШС кіріп отырған «Айтас» компаниялар тобы холдингіне қарасты тағы бір кәсіпорын Өскемен құс фабрикасының

суытылған тауық етінен (жылқы, сиыр еті қосылған шұжық түрлерінің де негізгі құрамы болып отырған) жасалатын шұжықтардың жоғары сапалылығының бір сыры да осында – суытылған ет өңдеу технологиясының шұжық жасаудағы ерекшелігінде.

Өндіріс цехтарындағы заманауи желдеткіш жүйелері, төменгі температура, Германия, Аустрия, Польша, Ресей елдері өндірушілерінен сатылып алынған озық құрал-жабдықтар, ауа тазарту жүйелері, жуу стансасы, осының бәрі жұмыс процестерінің тазалық талаптарына сай жүргізіліп, өнімнің сапалы өндірілуіне мүмкіндік беріп отыр. Кәсіпорын өндірісінің қалдықтары өтетін кәріз суларын тазалау жүйелері де отандық «Экологиялық бағдарламалардың инженерлік-өнеркәсіптік жаңа үлгілері» ЖШС инженерлерімен жасалған. Қаладағы кәріз жүйесіне құйылатын су өндірістің өзінде тазаланып барып, жіберіледі. Шұжықтардың барлық түрі халықаралық, мемлекетарлық, ұлттық стандарттарға сай.

«Айтас-МП» ЖШС кадр бөлімінің басшысы Айгүл Мықтыбаева өз кәсіпорындарының тағы бір өзгешелігі Өскемен қалалық жұмыспен қамту бөлімімен тығыз байланыста жұмыс істеп келе жатқандығында екенін атап айтты. Қазіргі күні жұмыспен қамту бөлімінің жолдамасымен мұнда бес адам жұмыс істеп жатыр. Олардың төртеуі атақонысқа көшіп келіп жатқан ағайындар отбасынан.

– Бізді қолдап, алаңсыз жұмыс істеуге барлық мүмкіндікті жасап отырған жаңа кәсіпорында еңбек етіп жатқанымызға шүкіршілік етеміз. Қаланың шетіндегі Шығыс ауылында тұратындықтан, арнайы қызметтік автобуска отырмағанымызбен, жұмысқа келіп-кететін көлігіміздің жанармайына кететін қаражат та кәсіпорын есебінен қайтарылып отыр. Әкешем, бауырларым бар, үлкен отбасымыз. Еңбекақымыз да көңілге қонымды, міндетіміз – жұмысымызға жауапкершілікпен қарап, тиянақты атқару, – дейді кәсіпорын жұмысшысы Африка Матай.

«Айтас» компаниялар тобы холдингінің басшысы Серік Толықбаев болашақта кәсіпорынның ішімен бірге айналасын да айрықша етуді, көріктендіріп, көгалды әсем бақ көмкерген аймаққа айналдыруды жоспарлап отыр.

**Материалдарды даярлаған:
Жанаргүл Мұқатай.**

СПОРТ ИНТЕРНАТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Аймақ басшысы Даниал АХМЕТОВТЫҢ тапсырмасына орай Семей қаласында спортқа дарыны бар балаларға арналған 200 орындық спорт интернаты салынады. Мұндай оқушылар облыстың барлық қалалары мен аудандарынан жиналмақ.

Болашақ чемпиондарды дайындау үшін жағдай жасауға «Фирма-Азия» ЖШС-нің жетекшісі Әсемқан Досқожанов бел шеше кірісіп отыр.

Семей қаласындағы №1 спорт мектебінің жанында орналасатын интернаттың жобалық-сметалық құжаттамасы бюджеттен тыс қаржы есебінен әзірленіп, құрылысы басталды. Бүгінде құрылыс жұмыстарының нөлдік циклі аяқталуда.

Жалпы ауданы 4700 шаршы метр ғимарат 200 адамға шақталған. Қабаттарда демалу, оқу, жуыну бөлмелері, тұрмыстық орынжайлар,

санитарлық тораптар болады. Жобада жаттығу залы, 100 орындық асхана, ем-шара бөлмесі мен оқшаулағышы бар медициналық кабинет қарастырылған. Интернат ашылғанда, балалар 7 сыныптан бастап қабылданады, олар кем дегенде облыстық және республикалық сайыстардың чемпиондары мен жүлдегерлері болуы тиіс. Тәрбиеленушілерді іріктеу жаттығу жиындарының нәтижесі бойынша жүргізілмек. Негізгі күш спортшыларды олимпиадалық спорт түрлері бойынша дайындауға салынады. Тәрбиеленушілер интернатта тұру құқығымен бірге, спорттық формамен және жабдықтармен, оқулықтармен, тегін тамақпен қамтамасыз етіледі, олардың сайыстарға бару шығындары төленеді. Нысанды іске қосу келер жылдың тамызына жо-спарланып отыр.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

Жастар тәрбиесі

ҚҰМАРЛЫҚТЫ ЖЕҢУГЕ БОЛАДЫ

Облыс орталығында қырық екі жастағы әйел құқық қорғау органдарына өз еркімен келіп, екі келіге жуық героин өткізіпті. Бұл - биыл қолға түсірілген есірткінің ауыр түрінің ең көп мөлшері. Жыл басынан бері облыстық ішкі істер департаментінің есірткі бизнесімен күрес басқармасы қызметкерлерінің күшімен барлығы екі келі 854 грамм героин әшкереленген. Мұндай тосын жағдай сала мамандарының тәжірибесінде алғаш рет кездесіп отыр.

— Осы уақыт аралығында есірткі және психо-тропты заттардың заңсыз айналымына қатысты 158 қылмыстың беті ашылды, бұл көрсеткіш өткен жылдың салыстырмалы мерзіміндегіден 26,5 пайызға артық. Оның ішінде есірткі сатқан 130 факті анықталса, бұл да былтырғыдан 40,7 пайызға көп. Бұл цифрлардың артында біздің құрылым қызметкерлерінің уақытпен санаспаған тынымсыз еңбектері тұр. Ал жоғарыдағы азаматшаға келетін болсақ, ақпан айында оның күйеуін героин сатқаны үшін ұстағанбыз. Дегенмен, біздің болжам бойынша әлі де көп мөлшерде тауар қалу керек еді. Полицейлердің жүргізген сауатты жұмыстарының нәтижесінде әйелі қалған есірткіні еш мәжбүрлесіз тапсырды. Біздің заң бойынша, апиын заттарын өз еркімен өткізгендер жауапқа тартылмайды, — дейді басқарма бастығы Эдеш Рахымжанов.

Таратудың жаңа әдістеріне көшкен

Полиция полковнигінің сөзіне қарағанда, соңғы уақытта қылмыс-керлердің есірткі заттарын тікелей байланыссыз сатулары кең етек жайып барады. 90-шы жылдары сатушы та-уарды сатып алушының қолына тапсыратын. Бұл жерде құқық бұзушылар үшін қандай да бір тәуекел болды, өйткені, қолтаңбалары қалуы мүмкін еді. Бүгінгі таңда қылмыскерлер есірткі заттарын таратуда жаңа екі әдісті пайдаланады. Біріншісі — белгілі жерге тастап кету. Олардың мүлде таныс болмаулары да ықтимал. Алайда, бір-біріне деген сенімдері болуы керек. Алаяқтық аз кездеседі, себебі саудагер тауардың сапасына мен салмағына қатысты марканы сақтауға тырысады. Керісінше жағдайда екінші рет өнімін өткізе алмайтынын жақсы түсінеді. Есеп айырысу терминал арқылы жүреді. Ал екінші тәсіл — киви-әмиянның көмегімен, ғаламтор арқылы тарату.

Маусым айында облыс орталығында осындай әдіспен есірткі заттарын сатқан топ қолға түскен болатын. Бес саудагердің екеуі — он алтыға енді толған жасөспірім. Олар тыйым салынған тауарды өздері оқитын колледждің қабырғасында да таратқан.

— Жеткіншектер есірткі заттарын өздерімен сабаққа да әкеліп жүрген. Тұтынушылар колледжге келеді, оқушылар далаға шығып, заңсыз әрекеттерін жүзеге асырған. Оларды сананы улайтын заттарды сатып алған құрбыларының көмегімен әшкереледік, — деді басқарма бастығы.

Жасөспірім айфон алмақ болыпты

Жуықта осы топ мүшелеріне қатысты үкім шығарылды. Сот процесі кезінде белгілі болғандай, жасөспірімдер заң-сыз саудамен өз армандарын жүзеге асыру үшін айналысыпты. Олардың бірі көмелетке толуын саунада өткізгісі келсе, екіншісі айфонға қол жеткізуді армандапты.

Жеткіншектерді есірткі заттарын саудалауға мәжбүрлеген жиырма жасар жігітті ұстаудың реті келмеді, өйткені ол Қазақстаннан тысқары жаққа кетіп қалған. Ұйымдастырушының пайымдауынша, жасөспірімдер көмелет жасына тола

қоймағандықтан қолға түскен күнде оңай жаза-мен құтылуға тиіс еді. Алайда, тергеу амалдары аяқталғанша олар 18-ге толып қойды.

Облыстық қылмыстық істер бойынша ауданаралық мамандандырылған соттың судьясы Раушан Игишеваның хабарлауынша, осы қылмыстық іске байланысты сегіз адамға қатысты төрт үкім шығарылды. Кінәлілердің барлығы дерлік он жылдарын, біреуі он үш жылын тәртіптік колонияда өткізеді.

Қылмыстық топтың жетекшісі, облыс орталығының тұрғыны 2014 жылы елімізден тысқары кетіп қалған. Жас наркодилерлерді ол WhatsApp жүйесі арқылы басқарып отырыпты. Ұйымдастырушы жасөспірімдерге есірткі заттарын тастаған жер мен сатып алушыларды хабарлайды. Балалар түскен табысты терминал арқылы жолдаған немесе жігіттің анасына берген.

Судьяның айтуынша, жауапқа тартылғандардың барлығы материал-дық жағдайлары төмен отбасыларында тәрбиеленген. Тұрмысы жақсы құрбыларына еліктеудің салдары жас жеткіншектерді ойнап жүріп, от басуға ұрындырды. Олардың психикаларының әлі толық қалыптаспағанын заңсыз-дықтарға бару себептерінен-ақ аңғару қиын емес. Сауна мен гаджетті армандап, материалдық құндылықтар үшін жастық шақтарын құрбан еткендері өкінішті-ақ.

Аспаздық көкнәр залалсыз емес

Шығыс Қазақстан аумағында нашақорлардың басым бөлігі марихуана мен анашаны тұтынады. Героин мен кокаин тым қымбат. Марихуана соңғы кезде әсіресе, бизнесмендер арасында сөнге айналыпты. Сонымен қатар, көкнәр де, кейбіреулер ойлағандай, залалсыз емес. Облыстың есірткі бизнесімен бас күресушісі есірткі заттарымен әуестену және оны таратудан Өскемен қаласы көш басында тұрғанын айтады. Одан кейін Семей, Риддер, Зырян қалалары, Глубокое, Шемонайха аудандары кетеді. Ал нашақорлықтан ада аудандар санатында Абай, Тарбағатай және Зайсан аудандарын мысалға келтірді.

Облыс аумағында 1-маусым мен 31-қазан аралығында «Көкнәр-2015» алдын алу шарасы өтіп жатыр. Есірткі бизнесімен тығыз байланысты аумақтың бірі — Шу жазығы. Бұл жақта маусым айынан бастап кенеп-шөпті қаулап өседі. Анашаның таралуына тосқауыл қою мақсатында елімізде «Дельта жазық» құрылымы жасақталып, республиканың түкпір-түкпірінен полицейлер іссапарға аттанады.

— Оңтүстікте жабайы өсетін кенеп-шөпті тауып алып, күтіп-баптап, заңсыз бизнес жасаған жағдайлар кездескен. 50 түп шөп үшін қылмыстық жауапқа тартылады, — дейді Эдеш Рахымжанов. — Ал бізде көкнәр өсіретіндер бар әлі де. Қытаймен шекаралас аудандарда апиынды көкнәрді бір жылдары көптеп өсірді. 90-шы жылдары бір жүйек көкнәрді бір қап картопқа не қантқа айырбастайтын. Тіпті, өткен жылы ғана облыс орталығында апиын көкнәрінің 432 бұтасын өсірген факті әшкереленді. Биыл тағы бес осындай заңсыз әрекеттің жолы кесілді. Дегенмен, соңғы кезде қылмыстың бұл түрі азайды деуге болады.

Басқарма басшысын алаңдататын тағы бір мәселе — «дәріханалық» нашақорлықтың белен алуы мен аспаздық көкнәрдің тұтынушылар арасында үлкен сұранысқа ие болуы. Бүгінгі таңда нашақорлар арасында трамадол дәрісін, «тропикамид» көз тамшыларын қолдану өршіп тұр. Бұл екі препаратты 2011 жылдан бастап елімізде дәрігердің рұқсатынсыз сатуға тыйым салынғанымен, кейбір дәріханалардың қожайындары бұл талапқа көз жұмып қарайды.

— Өткен жылы осындай заңсыздыққа жол бер-

ген бес дәріхананы лицензиясынан айырған едік. Ал заңнамаларға енгізілген соңғы өзгертулерге сәйкес біз енді олардың қызметін тоқтата алмаймыз, тек айыппұл салумен шектелеміз. Дәріханалардың жұмысын тұрғындардың арыздануынан кейін ғана тексеруге құқылымыз, — деп түсіндірді Эдеш Оралғазыұлы.

Есірткі бизнесімен күресушілер аспаздық көкнәрдің бір келісі соңғы кездері он есе қымбаттап, 5000 теңгеге жеткенін айтады. Дүкендерден, супермаркеттен бұл өнімді килограмдап сатып алатындар аспаз қыз-келіншектер емес, есірткіге құмартқан жас жеткіншек-тер. Ең өкініштісі, күн сайын келіп, дірілдеген қолдарымен көкнәр сатып алып жүрген жасөспірімдерге еш-кімнің мән бермеуінде.

— Көкнәрдің дөңдерінен есірткілік заттарды дайындау жағдайлары жиілеп кетуіне орай бұл өнімді есірткілік зат деп танып, еркін сауда айналымынан шығару керек. Не болмаса зауыттың қаптамасында, шектеулі мөлшерде шығарсын. Ал құрамында есірткі бар дәрі-дәрмектерді сататын дәріханалар жүйесіне келер болсақ, препараттар қатаң түрде, рецептпен ғана босатылсын, әрбір сатылған осындай дәрі-дәрмек үшін фармацевтер тек есеп беріп қоймай, оларға қатаң жауапкершілік жүктелсін, — дейді. Бұл басқарма бастығының Үкіметке жолдамақ ұсыныстарынан үзінді.

Жеткіншектер салауатты өмірді таңдайды

Жастар арасында нашақорлықтың алдын алу мақсатында басқарма қызметкерлері көптеген қызықты шараларға ұйтқы болып жүр. Басқарма бастығы есірткіге тәуелділіктен құлан таза айығуға болады деген пікірде.

— Ең бастысы — нашақорды есірткі бизнесінен аластату. «Бұрынғы наша-қор айықпайды» деген ұғым бүгінде ескірген. Бүгінде бұл дерттен айығам деушілер өз қоғамдастықтарын құрып, басты проблемаларын бірлесе шешуге тырысады, — деп жалғастырды әңгімесін Эдеш Рахымжанов.

Риддер қаласында ресейлік нашақорлардың анонимді қоғамының мүшелері слет өткізіпті. Онда есірткімен қоштасып, қалыпты өмір сүруге көшкен бұрынғы тәуелділер өз бастарынан

өткен әңгімелерін айтып, түзу жолға түскісі келетіндерге ақыл-кеңестерін берген. Осындай бір-біріне тең қарым-қатынас қана қоғам дертіне шал-дыққандарға дұрыс бағыт-бағдар бере алмақ.

Апиынға тәуелділерге тегін таратылатын метадон бағдарламасы да көптеген нашақорлардың қалыпты өмірге қайта оралуына септігін тигізгені жайында біздің газет бұрын да жазған болатын. Есірткі бизнесінің бас күрескері соңғы кездері метадон бағдарламасы жайында көзқарасы 180 градусқа өзгергенін жасырмайды. Бұл бағдарлама барлық нашақорларға жарамайды, зиянды заттарға деген тәуелділікті басқа жолмен жоя алмайтындар үшін өте қажет деген пікірде ол.

Қазіргі жеткіншектердің басым бөлігі қан тамырына ине салып, бүктетіліп жатқаннан басқа да қызықтар бар екенін түсінеді. Олар салауатты өмір салтын сақтап, спортпен айналысады, болашақта дұрыс мамандық таңдап, қызмет баспалдағымен өрлеуді қалайды.

— Біз оларға тек көмектесуіміз керек. Сол себепті есірткінің зияны жайында әңгімелеп, нашақорлыққа қарсы қызықты шараларды үнемі ұйымдастырып тұрамыз. Әртүрлі спорттық жарыстарға, суреттер фестиваліне балалар белсенділікпен қатысады, — дейді полиция полковнигі.

Айна Ескенқызы.

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРГЕ БАУЛЫП ЖҮР

Семейдегі қосалқы мектеп-интернат және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған балалар үйінің директоры Серікбек Абылқасымов мүмкіндігі шектеулі балаларды ұлттық салт-дәстүрге баулуды мақсат етіп отыр.

– Осы мүмкіндігі шектеулі балаларға, ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттың іргетасы қаланбастан бұрын, бұл жер батпақты өңір болып жататын, – дейді Серікбек Күлшұлы.

–Аумалы-төкпелі кезеңдерге және қиындықтарға қарамастан, өзім дефектолог маман ретінде осындай мекеменің болғанын қаладым. Педагогикалық еңбек жолымды 1975 жылы кәсіптік-техникалық училищеде оқу өндіріс шебері және сызу пәнінің мұғалімдігінен бастаған едім. Сөйтіп, 1980 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы оқу саласында жұмыс істеп келе жатырмын. Айта кету керек, Серікбек Күлшұлы педагог-дефектолог ретінде пән және арнаулы көмекші әдістемені үздік меңгерген маман. Оқушылардың жеке типологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, қызмет барысында білім мен тәрбие берудің коррекциялық түзету процесінің дара іздестіру жүйесін құрды. Әсіресе, ерекше білім алуды қажет ететін, дамуында кемшілігі бар балаларға жеке дара білім беруге, кемшіліктің қиындығын анықтай отырып, сол салада ерекше білім берілуіне көп көңіл бөле білді. Бұл әдістеме оқушылардың үлкендермен, сондай-ақ, өзі құралпыластармен араласуына және білім алуларына жеңілдіктер тудырды, әлеуметтік қалыптасуын жеңілдетті.

– Серікбек Күлшұлы айналасына білікті де білімді, шығармашыл еріптестер жинақтаған,

– дейді осы мектеп-интернаттағы қадірменді ұстаздың бірі Гүлсім Смағұлова. – Мектеп-интернаттар арасында өтетін сайыстардан неше дүркін жүлделі орын алдық, мектебіміздің дәрежесін облыс, республика деңгейіне көтеріп, білімді де ізденгіш, өресі биік ұжым қалыптастыра білді.

Сайып келгенде, үлкен жүректі басшы мүмкіндігі шектеулі жетім балалардың мұң-мұқтажын бірінші орынға қойып, олардың өмірден өз орындарын табуға барынша жағдай жасап отыр. Мектеп-интернатымыз «Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың дамуындағы интеллектуалдық, тұлғалық және әлеуметтік кемістіктерді жоюды жүйелі ұйымдастыру» деп аталатын әдістемелік тақырыппен жұмыс атқарып келеді. Мақсаты: оқу тәрбие ісін жеке дифференциалды, денсаулығын сақтау және практикалық бағытта жүргізу арқылы оқушының әлеуметтік ақталуына жағдай жасау, білім берудің жаңа технологиясын, әдістерін таңдау және еңбекке дайындықты жетілдіру.

Мектеп-интернатта ЛФК кабинеті, емдеу кабинеті, логопедия кабинеті толықтай қайта жабдықталды, тіс емдеу кабинеті, психологиялық жеңілдету бөлмесі, сенсорлық бөлме, әлеуметтік тұрмысқа бейімдеу кабинеті де жаңа қажетті жабдықтармен толықты.

Көптен бері мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілеріне жақсы жабдықталған жеке шеберхана салуды армандайтын. Сол шеберхана 2012-2013 оқу жылында салынып бітіп, 2013- 2014 оқу жылында толық пайдалануға берілді. Шеберхана жаңа технологиямен жабдықталған, мүмкіндігі шектеулі жандарға қолөнердің түр-түрімен айналасуға толық мүмкіндік береді. Тәрбиеленушілер қалалық, облыстық және республикалық әртүрлі қолөнер көрмелеріне қатысып, жүлделі орындар-

дан көрініп жүр. Қосалқы мектеп-интернаттың оқыту бағдарламасында негізгі салмақ еңбек пәніне бағытталған. Мектеп-интернаттың қолөнер көрмесі көрші Ресейде Шығыс Қазақстан облысының күндері мерекесіне қатысып, абыроймен оралды.

Серікбек Абылқасымов оқу-тәрбие процесінің жетістіктерін айқындау мақсатында педагогтар арасында шығармашылық топ ұйымдастырды. Олар: «Көкпар», «Аманат», «Болашақ», «Достар нұры», «Өнер», «Аялы алақан». Өзі «Өнер» шығармашылық тобына басшылық жасап келеді екен, оның идеясымен дүниеге келген «Атамұра» тарихитанымдық орталығының көтеретін жүгі ауыр. Негізгі мақсаты ананың жүрек жылуы, әкенің жан шуағы деген қастерлі сезімдерден мүлде ада болған, төңірегіне тосыққай қарайтын тәрбиеленушілердің бойында ұлттық салт-дәстүрлерді зерделеу, жас өрендердің санасында ізгі ниет, жарасымды қасиеттерді халықтық тәлім-тәрбиенің озық үлгілерімен сабақтастыра отырып қалыптастыру еді. Отаншылдыққа, патриотизмге, атадан қалған мұраны көздің қарашығындай сақтауға, қорғай білулеріне тәрбиелеу болды.

Қазір мемлекетімізде түйінді мәселелердің бірі жетімдер жайы болса, Серікбек Күлшұлы осы салада ауыз толтырып айтарлықтай жұмыстар атқаруда. Мүмкіндіктері шектеулі, туғаннан ойлау қабілеттері төмен балаларға патронаттық мекемелердің қамқор көрсетіп, осы балалардың өміріне үлкен көмектері тиюі үшін де біраз тер төкті.

**Раушан Нұғманбек,
Семей.**

Психологиялық тренинг

Ойларын ортаға салды

Шығыс ғұламасы әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі» депті. Демек, бала тәрбиесінің негізін қалыптастыратын ең алдымен отбасындағы ата-ана.

Жуықта «Абай» атындағы мектеп-лицейдің психологтарының ұйымдастыруымен бірінші сынып ата-аналары үшін психологиялық тренинг өткізілді. Шараның мақсаты – ата-ана мен баланың арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, отбасы мен мектеп арасында байланысты орнату, отбасы жарастығын нығайту.

Мектеп психологтары алдын ала таратылған белгілерді (өке, бала, ана жазуы бар көгершін) алған ата-аналарды ортаға шақырды. Әр ата-ана өздерін таныстырып, баласының есіміне қоса бір жағымды қасиеттерін айтып шықты.

Ал «Бала деген кім?» жаттығу барысында ата-аналар бала туралы өздерінің ой-пікірлерімен бөлісті. «Болашағым», «үмітім», «қызығым», «жалғасым», «қамқоршым», «асыраушым» деп қаншама жылы сөздерді төгілтіп еміренген ата-әжелер, әке-аналар лебізінен ұрпағына деген ыстық сүйіспеншілікті көргендей болдық.

Сонымен қатар залда отырған басқа да ата-аналар «Сіз балаңызды таңертеңгі ұйқыдан қалай оятасыз?», «Балаңызға ризашылығыңызды қалай білдіресіз?», «Балаңыздың тәтті қылық-тары қандай?», «Балаңыз сізге қандай көмек көрсетеді?», «Балаңыз мектептен шағым айтып келді. Енді мектепке барғысы келмейтінін айтты. Сіздің әрекетіңіз қандай?», «Балаңыз түнімен теледидар көріп, ұйқысы қанбай қалды. Балаңыз «басым ауырып тұр, мектепке бармай-ақ қояйыншы деді», сіздің әрекетіңіз қандай?» деген ситуациялық сұрақтарға белсене жауап берді.

Келесі жаттығу «Жүректен жүрекке» деп аталып, қолдарына жүрекше ұстаған үлкендер шеңберге тұрып, өз жанұяларының жақсы бір қасиеті туралы айтып, «Біздің жанұя ұйымшыл, бір нәрсені бәріміз бірігіп жасаймыз», «Менің жанұям тату-тәтті», «Менің отбасым өнерлі де спортқа жақын» сияқты жанұядағы жақсы қасиеттерді тізбеледі. Осыдан соң «Бала – тілек», «Ана – жүрек», «Әке – тірек» атты үш топқа бөлініп, тренингтен алған әсерлерін ортаға салды.

Тренинг барысында өздерінің салиқалы ақылдарын, мәнді пікірлерін, ақжарма тілектерін білдірген «Нұр-Сана» салт-дәстүр орталығының ақ әжелері Қаныша Нұрғалиева мен Уәсилә апа, Кеңгірбай би ауылының қадірменді ақсақалы Асқар Жарасбаев, әнші Қайрат Қабиев және басқа да көптеген ата-аналардың ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас, баланы қалай тәрбиелеу жайында айтқан сөздері өте әсерлі болды.

Тренинг соңында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары міндетін атқарушы Нұргүл Біләлқызы шараға қатысқан барлық ата-аналарға мектеп басшылығы атынан ризашылығын жеткізіп, сый-сияпат ұсынды. Отбасы құндылығына баса назар аударған Абай мектеп-лицейіндегі мерекелік кеш мектептің бақытты ұйымшыл отбасыларының «Әкем, шешем және мен» атты спорттық сайысымен жалғасты.

**А. Сәрсенбина,
Абай ауданы.**

Конференция

Үлт жоспарын іске асырудағы БАҚ-тың рөлі сарапанды

Өскеменде «Шығыс-Ақпарат» ЖШС-нің ұйымдастыруымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын жүзеге асырудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі мен міндеттері» атты облыстық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Келелі жиынға облыстық, аудандық, қалалық басылымдардың, телеарналардың, басқа да ақпарат құралдарының өкілдері, сонымен қатар, өңірлердегі ішкі саясат бөлімдерінің мамандары қатысты.

Жиында «Шығыс-Ақпарат» ЖШС-нің директоры Нұржан Қуантаев журналистикадағы дәстүрге беріктік және кәсіби этика, сонымен қатар, бес институционалды реформаны баспасөзде насихатталу мәселесі жайында баяндама жасады. Талдау және болжау институтының директоры Олег Чернышов Шығыс Қазақстанның ақпарат кеңістігіндегі интернеттің рөлі туралы, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ернұр Бурахан массмедияның қоғамдық пікірді қалыптастыру құралы ретіндегі маңызы жөнінде ой өрбітті.

Бұқаралық ақпарат құралдары аудиторияның ой-санасына барынша әсер етеді. Тілшілер қауымы түрлі өзекті проблемаларды көрсете отырып, қоғамдық пікірге, азаматтардың белгілі бір мәселеге деген көзқарастарына ықпал ете алады. Қазір БАҚ құралдарына тек баспасөз, радио, телевизия ғана емес, сонымен қатар интернет пен жарнама да еніп отыр.

Айталық, өткен жылы ел азаматтары ақпаратты негізінен баспасөзден алған (40 пайыз), биыл аталмыш көрсеткіш 56 пайызға дейін артып отыр. Осы жылы телевизия мен радио хабарлары барынша танымал ақпарат көзіне айналыпты, тұрғындардың 58 пайызы басты жаңалықтарды солардан естіп- көрген. Сонымен қатар, биыл интернеттің ақпарат көзі ретіндегі рөлі күрт өсіп, 19-дан 33 пайызға жеткен. Жалпы, интернетті қолдану бойынша Шығыс Қазақстан елімізде көш бастап келеді екен. Облыс халқының 94 пайызы интернет пайдалану мүмкіндігіне ие болып отыр.

Облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ернұр Бураханның айтуынша, елімізде жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатты, қоғамда орын алып жатқан маңызды оқиғаларды тұрғындарға барынша жедел әрі нақты жеткізу мақсатында осы зерттеудің нәтижелері ескерілетін болады. Бұдан соң конференция жұмысы секцияларда жалғасты. «Шығыс-Ақпарат» серіктестігінің ғимаратында аудандық газет редакторлары, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін «Толеранттылық пен ұлтаралық келісімді қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі», Талдау және болжау институтында ішкі саясат басқармасы мен бөлімдерінің қызметкерлері үшін «Мемлекеттік құрылымдармен жұмыстың ерекшелігі, өзара іс-қимыл формалары» тақырыптарында секциялар өткізілді. Жиын соңында конференция жұмысына белсенді қатысушыларға сертификаттар табысталды.

Ержан Әбіш.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫ



«НҰРЛЫ ЖОЛ»

БОЛАШАҚҚА БАСТАР ЖОЛ

Ұлттық қор қаржысынан
500 миллиард теңге көлеміндегі трани



ЭКОНОМИКАНЫ
ДАМУҒА ҮШІН ҰЛТТЫҚ
ҚОРДАН БӨЛІНЕТІН
ҚОСЫМША
ИНВЕСТИЦИЯЛАР

2015-ТЕН 2017 ЖЫЛҒА
ДЕЙІНГІ КЕЗЕҢГЕ ЖЫЛ
САЙЫН ҚОСЫМША 3 МЛРД
ДОЛЛАРҒА ДЕЙІН

1 Үкіметке бір апта мерзімде Ұлттық қордан қаржы бөлу үшін тиісті шешім дайындауды және 2015 жылға арналған республикалық бюджет жобасында қажетті қаржыларды ескеру тапсырылды

2 Үкімет қажетті шаралар қабылдап, осы қаржылардың тиімді әрі оңтайлы пайдаланылуын қамтамасыз етуі керек



3 Мемлекет басшысы құрған комиссия қаржының тиімді жұмсалыуын қатаң қадағалап отыратын болады

4 «Нұр Отан» осы жұмысқа белсенді араласып, барлық деңгейлерде қатаң партиялық бақылау орнатуы тиіс